Казахский национальный университет им. Аль-Фараби
Факультет истории, археологии и этнологии
Д.и.н. профессор Калшабаева Бибизия Кенжебековна
Дом.тел. 87272294762, моб. 87786010265, 87772760073
e.mail.: kalshabaeva_b@mail.ru

Abstract

Статья посвящена репатриантам Казахстана и их миграции на исторической Родине, а также затрагивается обьективные и субьективные причины переселение и проблемы адаптации их на исконной земле. Автор статьии используя статические материалы и данные, департамента миграционного комитета анализирует численность и расселение по регионам Каазахстана. В ходе изучения данного региона выявлены основные причины возвращение на исторической Родине казахской диаспоры из Центральной Азии, Ирана, Авганистана и Турции. А также рассматривает некоторые проблемы социально-экономические адаптации их на исторической Родине, приведены рекомендации и пожеление в адаптации на исконных землях.
Ключевые слова: *Центральная Азия, Иран, Авганистан, Туркия, репатриация, переселение, адаптация, расселение.*

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ РЕПАТРИАНТТАР: ТАРИХИ ОТАНҒА ОРАЛУЫ МЕН ОРНЫҒУЫНДАҒЫ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕР*

Қазіргі кезеңдегі шеттегі қазақтардың үлкен бір тобын Орталық Азия, Ресей, Қытай, Монғолия елдеріндегі қандастарымыз құрайды. Орталық Азиядағы қазақтардың басым бөлігі Өзбекстанда, ресми дерек бойынша 831200 адамды құраса [1], 2000 ж. Түркіменстанда 98 мыңдай, Қырғызстанда 42657, Тәжікстанда 2 мыңдай қазақ болғандығы жөнінде мәліметтер кездеседі [2, 4 б.].

Міне осы елдердегі қандастарымыздың бір бөлегі тәуелсіздігімізді алғаннан бері квотамен де квотасыз да төл Отанға оралуда. Оған бір жағынан шеттегі отандастарымызға жасалынып жатқан мемлекетіміздің қамқорлығы болса, екінші жағы сол мемлекеттердегі ішкі саяси, әлеуметтік экономикалық жағдайлардың да шиеленісуі себеп болып отыр. Мәселен, қазақтардың әлеуметтік, саяси құқықтарының қорғалмауы, әлеуметтік статусының төмендеуі, материалдық жағдайының нашарлауы, тұрмыс тіршілігінің көптеген саласында кепілдік құқықтардың жоқ болуы, қазақ тіліндегі мектептердің жабылуы т.с.с. дәлел. Мәселен, Өзбекстан латын әліпбиіне көшкелі бері қазақ мектептерінің аясы тарылды. Бір жылдың ішінде (1999 ж.) 10 қазақ мектебі жабылып, 20 мыңнан астам қазақ балалары өзбек мектебіне ауыстырылған [3].

Осындай себептермен 1997 жылы қазақтар Өзбекстаннан кеткен барлық халықтың 0,8%-ін, 1996 жылы 1,2%-ін құраған. Сондай ақ, Өзбекстан Республикасы халыққа білім беру Министрлігінің мәліметтері бойынша 2002-2003 жж. оқу жылында Өзбекстанда 157863 оқушы, 581 қазақ және

қазақ тілінде оқылатын аралас мектеп болған. Ал, 2006-2007 жж. қысқарған 521 мектептің 234-і қазақ мектептері болған. Онда бар болғаны 102372 оқушы білім алған, - деп көрсетіледі зерттеуде [4, 197 б.].

Кейін келе қазақ мектептері саны 5 жылда екі есе қысқарып, қазақ тілінде оқитын 61873 оқушы қалады [5, 29 с]. Сондай ақ қазақтар арасында әсіресе жастар мен әйелдер ортасында жұмыссыздық өте жоғары болып, ол орта білімі барлар арасында 50 - 60%-ке дейін жетсе, Қарақалпақстанда жұмысқа жарамды халықтың 70%-і жұмыссыз болып отыр [6, С.215.]. Осындай ана тілінде білім алу, ана тіліндегі басылымдардың шектеулігі, мәдениет, әдебиет, өнер, т.с.с. проблемалар қазақтардың төл Отанға оралуына жол ашты. Сонымен бірге Кеңестер Одағы кезінде Қазақстаннан Өзбекстанға жалға берілген жерлердің (мәселен, Бостандық ауданының жері) елге қайта қосылмайтындығына көзі жетіп, төл Отанға қоныс аудара бастады. Енді бір жағынан көші-қон және демография агенттігі Өзбекстаннан көшіп келушілердің көбеюінің тағы бір басты себебін Қазақстан мен Өзбекстанның арасындағы шекараның түпкілікті айқындалып, даулы елді мекендер мәселесі шешіліп, екі жақтың мемлекет аралық келісімге қол қоюымен байланыстырады. Осыған байланысты Өзбекстанға кеткен Сарыағашқа іргелес Түркістан елді-мекеніндегі 117 отбасының 96-ы Оңтүстік Қазақстан облысына көшіріліп алынса, қалған 21 отбасына жартылай жәрдем көрсетіліп, Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі тұрғындарға бюджеттен 140 млн. тенге (875 мың евро) бөлінгендігін мәлімдеді [7].

Айта кету керек, Өзбекстаннан көшіп келген қазақтардың негізгі бөлігі, көбіне өзінің үйренген жылы климаттық жағдайына байланысты Оңтүстік аймақтармен Маңқыстауға қоныстануға тырысқан. Мысалы, 1989-1998 жж. аралығындағы статистикалық мәлімет бойынша Алматы облысына барлығы 15535 оралман, Оңтүстік Қазақстан облысына барлығы 13605, Жамбыл облысына барлығы 11149, Маңқыстау облысына барлығы 6341 оралман келіп орналасқан [8]. Оралмандардың ішінде қалаға орналасу Түркіменстаннан келген қазақтар арасында жоғары, мәселен жоғарыда келтірілген 6341 оралманның 5731 қалаға орналасқан. Ал, Өзбекстан мен Қарақалпақстаннан келген қазақтардың басым бөлігі ауылды жерлерге шоғырланған. 1989-1998 жж. Орта Азиядан Қазақстанға 85502 қандастарымыз оралса, соның 50264-ін Өзбекстаннан келгендер құрайды. [9 С.129 .].

1991-2000 жж. аралығында 10 жылда Қазақстанға мемлекет күшімен шет елдерден 42587 қазақ отбасы немесе 183652 адам көшіп келсе, оның 60 % бұрынғы Кеңес Одағынан оралғандар. Осы жылдар ішінде Өзбекстаннан 62737 адам келген [10, 16 б.]. Егер 01.01.2003 жылы Өзбекстаннан Қазақстанға 21803 қазақ келсе, 01.01.2004 жылы 28025 қазақты құрады [408]. Бірақ мұның барлығы обьективті жағдай, ол елдегі өтпелі кезеңмен байланысты. Сондай ақ 2003 жылы квотамен қабылданған 5 мың отбасының 4096 - Өзбекстаннан, 91-Түркіменстаннан, 10- Қырғызстаннан, 10 - Тәжікстаннан көшіріліп алынды. Қарағанды облысының Приозерск

қаласында Өзбекстан мен Тәжікстаннан келген 1245 оралман тұрып жатыр. Бұлар үшін Өзбекстанның азаматтығынан шығу қиындық тудырған [413]. Себебі, ол елдің тіркеуінен шығу үшін белгілі бір сомада қаражат төлеу керек. Дегенмен де 1991-1999 жж. Қарағанды облысына Өзбекстаннан 516 отбасы, 1585 адам, Түркмениядан 2 отбасы 6 адам, Тәжікстаннан 4 отбасы 13 адам, Қырғызстаннан 3 отбасы 8 адам келген [11, лл.88-89.]. Оралмандардың негізгі бөлігі ауылды жерлерге Бұхар-жырау, Шет, Қарқаралы, Абай аудандарындағы жерлерге орналасты [12, С.322.].

Қазақстанның миграция және демография агенттігінің берген мәліметіне қарағанда Арал өңірінен 1989-1993 жж. әр жыл сайын он мыңнан аса адам елге оралса, 1992 – 1997 жж. Өзбекстаннан 40700 адам оралды. Оның 75% Қарақалпақстаннан келгендерді құрады. Сонымен 1991-2010 жылдың 1 шілдесі аралығында Өзбекстаннан 124605 отбасы 484749 қазақ келген. Қоныс аудраушылардың жалпы санына шаққанда 60,1% құрайды [13, С.75.].

Маңқыстау облысына орналасқан қандастарымыздың негізгі бөлігін Түркіменстан мен Қарақалпақстаннан келген қандастарымыз құрайды. Түркіменстандағы 33 қазақ мектептерінде 4800 қазақ баласы білім алғанмен 9 жылдыққа қысқарған түркімен мектептерінің бағыты мен 11 жылдық мектепті 12 жылдыққа ауыстыруға бет бұрған Қазақстанның білім бағдарламасы сәйкес келеді. Оның үстіне жоғары оқу орындарының барлығы түркімен тілінде ғана білім беруге көшті. Сондықтан да Түркіменстандағы қазақтар ұрпағының болашағын ойлап, ата жұртқа оралды [10, 19 б.].

1989-1998 жж статистикалық мәліметтер бойынша Түркіменстаннан Маңқыстау облысы территориясына барлығы 22746 қазақ келген. Оның ішінде қалаға барлығы 22118, ауылға 628 оралман орналасқан. 1991-2003 жылдары осы аймаққа барлығы 41024 оралман көшіп келген. Сондай ақ, Алматы облысына барлығы 1886, Жамбыл облысына да 1886, Оңтүстік Қазақстан облысына-1011 , Қызылорда облысына –38 , Атырау облысына - 35, Қарағанды облысына - 35, Ақтөбе облысына -187 қазақ орналасады [14]. Аталған елдердің әлеуметтік-экономикалық даму қарқынының бәсеңдігі, адамдардың күнделікті және қоғамдық саяси, мәдени сұраныстарын толық қанағаттандырмауы қандастарымыздың ата жұртқа жаппай көшуін итермелеп отырған негізгі фактор. 1991-2010 жылдың 1 шілдесі аралығында Түркіменстаннан 16098 отбасы 63120 қазақ келген. Қоныс аудраушылардың жалпы санына шаққанда 7,8% құрайды [13, С.75.].

Тәжікстандағы қандастарымыз тарихи Отанға еліміз тәуелсіздігін алған бастапқы жылдары келе бастады. Себебі, бұл кезеңде Тәжікстандағы азаматтық соғыстар мен елдегі қиыншылықтар ондағы қазақтардың елге оралуына жол ашты. Олардың орналасуына келетін болсақ, Оңтүстік Қазақстан облысына барлығы 4357 қазақ келсе, Жамбыл облысына –581, Алматы облысына –94, Қарағанды облысына - 47, Қызылорда облысына-69, Шығыс Қазақстан облысынана -28 , Қостанай облысына-14, Маңқыстау облысына-82 адам келген оның түгелі қалаға орналасқан, т.с.с [9, 129 б.]. Осы

кезеңдерде Тәжікстаннан Қазақстанға келген оралмандардың жалпы саны - 5337. Тәжікстанда 2000 жылдарға дейін 2,5 мыңдай қазақ болса, қазіргі кезеңде 900 –дей қазақ саны бейресми мәліметтерде айтылып қалады. [15, 45 б.]. Жалпы, 1991-2010 жылдың 1 шілдесі аралығында Тәжікстаннан 2752 отбасы 11657 қазақ келген. Қоныс аудраушылардың жалпы санына шаққанда 1,4% құрайды [13, С.75.]. Ал, енді Тәжікстанда бірлі жарым қалып қойғандардың жағдайы нашар не Қазақстандағы туған-туысқандарынан қол үзіп, хабарын жоғалтып отырғандар. Қазақстанның тыныс-тіршілігінен хабарсыз, көшуге жүрексінеді. Қаржының аздығы мен Өзбекстан шекарасынан өтудің қиындықтары үлкен кедергі болуда.

Қырғызстандағы қазақтардың жағдайы басқа елдердегі қазақтармен салыстырғанда жақсырақ. Соған қарамастан ондағы қазақ жастары елге оралуды қалайды. 1989-1998 жж. статистикалық мәлімет бойынша Қырғызстаннан оралған оралмандар төмендегі көрсеткіштерді береді: Жамбыл облысына 1224 қазақ келсе, Алматы облысына-390, Оңтүстік Қазақстан облысына 101, Қарағанды облысына –105, Шығыс Қазақстан облысына -90, Ақтөбе облысына -17, Ақмола облысына-33 оралман орналасқан. Батыс Қазақстан облысына барлығы- 13,Солтүстік Қазақстанға-16, Қостанай облысына -19, Қызылорда -37, Маңқыстау облысына -21 адам келген [16, С.129.]. Осы кезең аралығында Қырғызстаннан Қазақстанға барлығы 2093 қазақ оралған. Қырғызстаннан 1991-2010 жылдың 1 шілдесі аралығында 2260 отбасы 8611 қазақ келген. Қоныс аудраушылардың жалпы санына шаққанда 1,1% құрайды [13, С.75.]. Орталық Азияның басқа елдерімен салыстырғанда Қырғызстаннан келіп жатқан қандастарымыздың азшылықты құрауы, ол елдің әлеуметтік экономикалық дамуы төмен деңгейде болғанмен мұндағы қазақтардың біршама бөлігі ауқатты. Сондықтан болар жастарының болашағын ойлағандар болмаса үлкендер жағы кетуге асықпайды. Сонымен Қазақстанға Қырғызстаннан жоғарыда көрсетілген жылдар аралығында барлығы 2093 оралман келген [17].

Қазақстанға оралған көптеген оралмандар Оңтүстік Қазақстан облысына орналасты. Әртүрлі аудандарда Дастан, Достық, Атамекен, Сауле деген ауылдар өсіп шықты. Олардың өздері мектеп, дәрігерлік пункттерді салып алып, кәсіпкерлікпен айналысып, бүгінде өз күндерін көруде[18].

Қорыта келгенде, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министрлігінің берген мәліметі бойынша 1991-2007 жж жақын шетелдерден Қазақстан 651299 адамды (165861 отбасы) қабылдады [19].

Шет елдердегі қандастарымыздың тарихи Отанына оралуының толастамауы бір жағынан Қазақстан республикасының мемлекеттік саясатындағы алыс және жақын шетелдердегі қазақтарды репатрациялау бағытымен байланысты. Қазіргі кезеңде шеттегі қазақтардың оралуына бөлінетін квотаны алып тастағанына қарамастан отандастарымыз елге қайтуын тоқтатқан жоқ. Сондай ақ, аталған елдердегі әлеуметтік-экономикалық даму қарқынының бәсеңдігі, адамдардың күнделікті және қоғамдық саяси, мәдени сұраныстарының толық қанағаттандырылмауы

қандастарымыздың ата жұртқа жаппай көшуін итермелеп отырған негізгі фактор.

Оралмандардың жергілікті ортаға бейімделу проблемаларына келсек, әлеуметтік статусының төмендеуіне қарамастан қазақ этносының жоғары деңгейдегі бейімделу мүмкіншілігі жаңа жағдайда қоғамнан өз орнын табуға көмектеседі. Қазақ диаспорасының ерекшелігі сонда, көшпелі өркениеті бар қазақтар қай әлемде болмасын табысты бейімделе алады. Кейбір шетелдік зерттеушілер қазақтардағы негізгі құндылық олардың белгілі бір ұрпақ (потомственных) тобына жату идеологиясының беріктігі деп санайды. Мәселен, Өзбекстанның Бұхара облысынан 530 отбасы 1995 жылы келіп, Қарағанды облысының Приозерск әскери қалашығындағы бос үйлерге қоныстанған. Олар металл жинаумен айналысып, халдерін жөндеп алды. Кейбір тобы өз алдына жер алып мал өсірумен айналысу үшін жағдайы жасалған көп қабатты үйлерден кетті. Дегенмен де оралмандарды облыстық, аудан орталықтарынан шалғайда орналастыру, бұл онсыз да жұмыс жоқ жерлерде жұмыссыздардың санын көбейтті.

Маңқыстау облысының Ақтау және Жаңаөзен қалаларының жанындағы саяжайларға қоныстанған 10000-ға жуық оралмандарға ресми түрде тіркеуге тұруларына жағдай жасалған. Оралмандар өз бетімен тұрғын үй тұрғызып алу үшін жер учаскелерімен қамтамасыз ету жұмыстары жүргізілген. Осы бағытта 2002 жылы Ақтау қаласы әкімінің шешімдерімен қала маңындағы «Прогресс «Химик» «Мичуринец», «Синтез» саяжайларынан 53 жер учаскесі жекеменшікке беріліп, 148 отбасына жалға беру құқығымен болашақта тұрғын үй салып алуға рұқсат етіліп, жер учаскелері берілген. Ақтау қаласы маңындағы Приозерный - 3 және Маңқыстау кенті тұрғын үй массивтерінен оралмандарға 10 жер учаскесі жекеменшікке, 21 учаскесі аренда құқығымен берілген. Квотамен келген қандастарымызға мемлекет тарапынан барынша көмек көрсетілуде. Мәселен, Жаңаөзен қаласындағы тұрғын үй массивтерінен Түркіменстан мен Өзбекстаннан келген 400 оралман отбасыларына жер учаскелері бөлінген. Ал, Бейнеу ауданында өз бетімен тұрғын үй салып алу бағытында 33 оралман отбасы жер учаскелерімен қамтамасыз етілген болса, Маңқыстау ауданында-4, Қарақия ауданында 23 оралман отбасына жер бөлінді [20].

Дегенмен де оралмандар басындағы қиындықтар де жеткілікті. Қазақстанға оралған көптеген оралмандар Оңтүстік Қазақстан облысына орналасты. Әртүрлі аудандарда Дастан, Достық, Атамекен, Сауле деген ауылдар өсіп шықты. Олардың өздері мектеп, дәрігерлік пункттерді салып алып, кәсіпкерлікпен айналысты. Ақтөбе облысына келіп жатқан оралмандар негізінен Өзбекстан мен Қарақалпақстаннан. Олардың да экономикалық жағдайдың қиындығына байланысты басым бөлігі Ақтөбе облысына келуде. Себебі, Қарақалпақстандағы қазақтардың басым бөлігінің негізгі түбі ақтөбеліктер . Бұл аймақтарда да оралмандар арасында шешілмеген мәселелер: баспанамен қамтамасыз ету, тіркеуге тұру, әлеуметтік көмектер беру т.с.с. проблемалар жетіп жатыр. Мысалы тек бір жылда Ақтөбе облысына 53 оралман отбасы көшіп келген. Келіп жатқандардың 90 пайызы

Қарақалпақстан мен Өзбекстаннан [21]. Оралмандарды облыстық, аудан орталықтарынан шалғайда орналастыру да онсыз да жұмыс жоқ жерлерде жұмыссыздардың санын көбейтуде. Еліміздің аймақтарымен облыстарына оралмандарды біркелкі етіп орналастыруға ерекше көңіл бөлу керек. Көбіне оралмандар табиғи-климаттық жағдайдың қолайлылығына орай Оңтүстікке қалуда. Оралмандарды солтүстік облыстарға орналастыру үшін тиімді механизм қажет, ол салық, кредит жеңілдіктері, отбасы мүшелерін жұмыспен қамтамасыз ету.

Түркменстан мен Өзбекстаннан көшіп келген қандастарымыздың ең көп шоғырланған жері-Жаңаөзен қаласындағы тұрғын үй массивтерінен 400 оралман отбасыларына жер учаскелері бөлінген. Ал, Бейнеу ауданында өз бетімен тұрғын үй салып алу бағытында 33 оралман отбасы жер учаскелерімен қамтамасыз етілген болса, Маңқыстау ауданында-4, Қарақия ауданында 23 оралман отбасына жер бөлінді. Тәуелсіздіктің он бір жылы ішінде Маңқыстауға 41 мыңнан астам қандасымыз қайтып оралған. Яғни бұл Маңқыстау жағдайындағы кіші-гірім екі ауданның халқы деген сөз.

Алыс және жақын шетелдерден келген қандастарымыздың төл ортаға бейімделуіне кедергі келтіретін бір мәселе- қазақтардың әліпбиінде болып отыр. Қазіргі таңда дүниежүзі қазақтарының ауызекі сөйлесуінде ешқандай айырмашылық жоқ, бірақ әр елде тұратын қазақтар бір-бірінің жазуын түсінбейтін жағдай қалыптасып отыр. Мысалы, Өзбекстан мен Түркіменстан латын әрпіне көше бастаса, Қазақстан, Монғолия, Ресейде тұратын қазақтар кириллицамен жазады, ал Еуропада тұратын қазақтар латын әліпбиінде сауат ашқан. Бұл айырмашылық ата-мекеніне оралған қандастарымыз үшін, әсіресе оқу-білім саласында үлкен қиындық туғызып отыр. Сондықтан оқу орнына түсуге келген талапкерлер үшін Қазақстанда осы мақсатта жағдайлар жасалып жатыр. Мысалы, Алматыдағы қазақ қыздар педагогикалық институында дайындық бөлімдері ашылған және олар жатақханамен, тегін тамақпен қамтамасыз етілген.

Жалпы, алғанда шет елдік қандастарымыздың тарихи Отанында білім алуына мүмкіндік жасау олардың бейімделу процесін жеделдетері сөзсіз. Дегенмен жыл сайын алыс және жақын шетелдерден келген талапкер бауырларымыз үшін бөлінген арнайы квота арқылы қандастарымыздың барлығын мемлекет есебінен тегін оқыту мүмкін емес. Сондықтан, өркениетті елдерде (АҚШ, Жапония, Еуропа) тұрып жатқан кейбір бауырлар сол елдің ғылымын, техникасын игеріп атамекенге оралса нұр үстіне нұр болар еді.

Көші-қон мәселесінде оралмандардың төл ортаға бейімделу мәселесіне де жеткілікті дәрежеде көңіл қою керек. Соның бірі шеттен көшіп келген отандастарымызды кең байтақ қазақ жеріне тарыдай шашып жібермей әбден жерсініп үйреніскенше, жұмыс тауып өз беттерінше жан бағатындай дәрежеге жеткенше бір жерге шоғырландыру керек. Бұл экономикалық-әлеуметтік жағынан да, демографиялық-саяси тұрғыдан да дұрыс шешім.

Жалпы, үкімет тарапынан демеу, жергілікті әкімшілік орындарынан қолдау көрсетіліп жатса, оралмандар өз проблемасын толықтай шеше алады.

Ең бастысы олар қазіргі болып жатқан қоғамдық өзгерістерге, нарықтық қатынастарға психологиялық жағынан дайын. Қазірдің өзінде көптеген оралмандар шаруа қожалықтарын құрып алса, енді біразы кәсіпкерлікпен айналысуда. Дегенмен де, көшіп келушілердің көпшілігінің материалдық жағдайы төмен. Сондықтан да оларға еліміз шекарасынан аттағаннан кейін тегін баспана берілгенмен, бірақ мәрте отбасына ұсынылатын: отбасы иесіне 12 мыңдай, қалған мүшелерінің әрқайсысына 8 мыңдай тиесілі теңге жәрдемақы жетпейді. Оның үстіне бұлардың ішінде орыс тілін ұқпайтындар да жеткілікті. Ендеше атажұртын аңсап оралушыларға жан-жақты ойластырылып, мемлекеттік тұрғыдан ұйымдастырылған көмек керек. Бұл орайда Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев Республика Үкіметіне, барлық облыстар мен Астана, Алматы қаласы әкімдеріне мүмкіндігінше өз бетімен көшіп келгендерге де қарайласу, қамқорлық жасау қажет екендігін үнемі ескертіп келеді. Сонымен осы қандастарымызды бауырмалдықпен қарсы алып, олардың өз елінде өгейсімей, ортамыздан орын тауып, елге сіңісті болып кетуіне жағдай жасау. Мәселен, оларды әр ауданға, әр ауылға әр бөлімшеге орналастырғаннан гөрі бір жерге топтастыра орналастыруға тырысу керек. Себебі, қаймағы бұзылмаған халқымыздың игі дәстүрлерін сақтап қалған олар елімізде болып жатқан күрделі өзгерістерді таразылап, жаңаша ойлау мәселелеріне әсер етумен қатар, халқымыздың ұмытыла бастаған тамаша қасиеттерін тірілтуге, өткеннің өнегесінен үйренуге баулитыны анық. Және де біртұтас орналасу нәтижесінде бейімделу қиыншылықтарына тез көндігері сөзсіз.

Шетелдегі қазақтардың ата-мекенге оралуы Қазақстан мемлекетінің даму стратегиясының басым бағыттарының бірі болып саналады.

Әлемдік қауымдастықтың толыққанды мүшесіне айналған Қазақстан республикасы өркениетті қоғам сипатына сай шетелдерде тұрып жатқан қазақтарға және ата-мекеніне оралып жатқан қандастарға қамқорлық жасауды мемлекеттік саясаттың құрамды бөлігіне айналдырды.

Ұлттық қауіпсіздігімізді нығайтуда және экономикамызды жаңа еңбек ресурстары мен қамтамасыз еті үшін, Елбасымыз 2015 жылға дейін республика халқы санын 20 миллионға жеткізу қажеттігін айтып келе жатыр. Сондықтан халықтың санын көбейтіп, құрамын нығайтатын, тарихи-демографиялық ғылым айқындаған екі жолды, табиғи өсіммен сырттан келетін көші-қонды тиімді пайдалану керек.

Еліміздің аймақтарымен облыстарына оралмандарды біркелкі етіп орналастыруға ерекше көңіл бөлу керек. Көбіне оралмандар табиғи-климаттық жағдайдың қолайлылығына орай Оңтүстікте қалуда. Оралмандарды солтүстік облыстарға орналастыру үшін тиімді механизм қажет, ол салық, кредит жеңілдіктері, отбасы мүшелерін жұмыспен қамтамасыз ету.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 Этноконфессиональный атлас Узбекистана /Ответ.ред. М.Ахмеджанов. – Ташкент, 2011.

2 Қалшабаева Б.К. Орталық Азиядағы қазақтар.- Алматы: Қазақ университеті, 2011.-406 б.
3 Ғабит Мүсрепов. Астана Ташкентпен араздасқысы келмейді // Егемен Қазақстан. – 2001, наурыз– 12.
4 Қобыландин Қ.И. Меңдіқұлова Г.М. Өзбекстандағы қазақтардың тарихы және бүгінгі дамуы. – Алматы:ДҚҚ, 2009.- 296 б.
5 Саидов А.Х. Поддержка, обеспечение и защита прав человека, представителей нации и народностей, проживающих в Республике Узбекистан //Развитие межнациональных отношений в независимом Узбекистане.- Тошкент:Узбекистан, 2012.-393 с.
6 Тукумов Е. Казахи Узбекистана // Центральная Азия и Кавказ – М., 2000. – № 6. – С. 178, 214-215.
7 Биыл 5000 оралман отбасы атажұртқа көшіп келді // Қазақ елі, 2003. – Ақпан – 19.
8 Максакова Л. Тенденции демографического развития в Узбекистане // Центральная Азия и Кавказ. – М.,1999. – № 5/6. – С. 41- 56.
9 Демографический ежегодник Казахстана 2004. – Алматы: Агентство РК по статистике, 2005. – 300 с.
10 Ескекбаев Д.Б. Қазақ диаспорасы: бүгіні және болашағы. – Алматы, 2003. – 210 б.
11 Государственный архив Карагандинской области. Ф.1633. ОП.1. Д.22. ЛЛ.88-89.
12 Турсынова Ж.Ж. Миграционные и демографические процессы в Карагандинской области //Қазақстан және шетелдегі қазақтар. Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының құрылғанына 20 жыл толуына орай өткізілген Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары.-Алматы, 2012. -376 б.
13 Балтабаева К.Н. Қазақ көші қоны: қорытындысы, сабағы және түйінді мәселелерін шешу жолдары// Национальная идея-фактор обьединения соотечественников во благо независимого Казахстана. – Алматы: Атажұрт, 2011. -272 с.
14 Сахимов Ә. Оралмандардың ойлағаны болсын // Жас Алаш. – 2003, мамыр - 24.
15 Сұлтанбеков Д. Арманымыз қазақ қоғамын құру // Алтын бесік. – 2002. - №1. – Б. 45-52.
16 Итоги переписи населения 1999 // Агентство РК по статистике. Миграция населения. – Алматы, 2000. – С. 86-129.
17 Белдеубайұлы Д. Оралмандардың жартысынан көбі баспанасыз // Ана тілі. – 2003, мамыр - 22.
18 Базарбаев А. Қазақ диаспорасының этникалық дамуы // Алтын бесік. – 2005. – №4.- Б.17 – 21.
19 Легко ли быть оралманом? Садуакас Ансатов советник председателя Агентства РК по миграции и демографии // Социум. – 2003. – № 7 (08).
20 Устемирова А. Этнические казахи больше не хотят уезжать из Узбекистана //Gazeta.kz. – 2007, июнь - 25.

21 Тарыдай шашыраған қайран қазақ // Оралман сөзі. – 2005, қыркуйек –29.

**** Статья подготовлена при поддержке гранта МОН РК по проекту 1147 «Казахская диаспора и репатриация: исследование этнокультурного наследие и их проблемы в адаптации на исторической Родине»***